

**Йенс Расмус: Ғашық болған піл**  
**G&G Verlag**  
**Аударған: Таңсұлу Рахымбаева**

Пілдің көңілі сондай көтеріңкі болатын, өйткені ол ессіз ғашық еді, ал ол ерекше жай!

Шынымен, есінен тана ғашық болды! Және басқа ешкімге емес, өзіне ғашық болды!

Ол өзінің болмысын шын ұнатты: үлкен, күшті, маңғаз, талғамы жоғары және білімдар. Бәрі-бәрі үйлесіп тұр. Шымыр денесі, мінсіз азу тістері, сүйкімді тұмсығы.

- Қандай әсем жануар едің, - деді ол өз-өзіне. - Міне, мынау саған, ала ғой! - деп, адыңғы оң аяғымен ұстаған үлкен гүл шоғын өзіне сыйға тартты. Рахмет айтып, гүлді алдыңғы сол аяғымен алды да, ұзын тұмсығымен өзінің маңдайынан шөп еткізіп сүйіп алды.

- Үлкен қуаныш сыйладың маған, алыбым! - деді ол және көңілі толқып.

Осының бәрін бір тасадан бақылап отырған қоян, «мына піл әбден есінен адасқан екен» деп ойлады. Ал оның жасырынған жері сол гүл шоғы еді. “Жалғыз жануардың осынша панданғаны несі екен?!” - деп ол өз ойын жалғастырды. Бірақ бұл жолы ойын байқамай дауыстап айтып қалды да, оны піл естіп қойды. Пілдің үрейі ұшып кетті, өйткені мұны айтқан гүлдер деп ойлады. Сөйлейтін гүл шоғы туралы оның ештеңе білгісі жоқ, ал оның айтқаны намысына тигенде, тіпті көргісі де келмей кетті. Ызаланып кеткен піл алдындағы гүлді алды да, аузына бірақ тыға салды.

Қоянның айналасын аяқ астынан қара түнек басып, ылғалданып кетті. Пілдің оны гүлмен қоса жұта салғанын, өзінің енді пілдің қарнында отырғанын түсінгенше, біршама уақыт өтті. Енді қоян қорқа бастады. Айналасын жұдырығымен тоқпақтап, айқай салды:

- Ееей, сен етқоректі емес, сүтқоректісің ғой! Шығар мені! Бол! Көмектесіңдер!

Көмектесіндееер!!

Пілдің үлкен құлағына қоянның көмекке шақырып, талықыған дауысы жеткенде, піл әлі де өз-өзіне сүйсінумен тұр еді.

„Біреу көмекке шақырып жатыр!“ - деген ой санасын тіліп өтті. «Мен біреуге қажетпін!

Күшім мен ақылымды көрсететін мүмкіндік туды! Бұл кім болды екен айғайлап жатқан?

Шыдай тұр! Келе жатырмын!»

Піл ұзын тұмсығымен кернейлетіп айқайлап, джунглиге қарай тура тартты. Байғұс қоянның жүрегі айнып, басы айналды. Одан да қатты айғайламақшы еді, бірақ пілдің аяқтарының дүрсілі мен сынған бұтақтардың сытырынан басқа ештеңе есту мүмкін болмады. Айқайын тоқтатайын дегені сол еді, кенет піл бір ағаштың түбірін байқамай, сүрініп кетіп, ұзынынан түсті.

Етпетінен түскен пілдің қарнына тиген соққыдан іштегі қоян сығылып, пілдің аузынан бір-ақ шықты. Джунглимен бірер метр ұшып барып, жерге жайсыз құлады. Төңірек бір сәтке тыншы қалды.

Орнынан тұрып, айналасына қараған піл алдында құр сүлдері ғана қалған қоянды көрді.

- Сен бе көмекке шақырған?

- Иә, - деді қоян әлсіз ғана. – Қауіптен енді құтылған сияқтымын.

- Сені мен бе құтқарған?

- Иә, сен кереметсің ғой! - деді қоян.

- Бәсе, өзім де солай ойлап едім. Сен ше, сенің жағдайың қалай? Біртүрлі қиналып қалған сияқтысың ғой?.

- Жағдайым өте жақсы, көп рахмет, - деді қоян, миығынан күліп. - Бір сәті түскенде, саған гүл сыйлармын.

Ұзын тұмсығымен басының іскен жерін сипалаған піл, „жарайды олай болса, тағы да көмектесуге даярмын“, - деді риза болып.

- Бірдеңе болса, шақыр! Білесің ғой, мен үлкенмін, күштімін!

- Әдемісің де, - деп қоян оны қоштап қойды.

Піл маңғаздана басын изеді де, бұрылып, ағаштардың арасымен алыстай берді.